

**«АҚЫЛ-ОЙЫ ЖӘНЕ ДЕНЕ БІТІМІ ДАМУЫНЫҢ БҰЗЫЛУЛАРЫ БАР  
БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІМДЕРДІ ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕУ ЖӘНЕ  
КӘСІБИ-ЕҢБЕКПЕН ОҢАЛТУ ОРТАЛЫҒЫ» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ  
ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ**

оқу ісі жөніндегі басшының (директордың) орынбасарларына,  
зиятында бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептердің  
мұғалімдеріне арналған

**«ЗИЯТЫНДА БҰЗЫЛЫСТАРЫ БАР ОҚУШЫЛАРДЫ ОҚЫТУДА  
ҚОЛДАНЫЛАТЫН САРАЛАНҒАН ЖӘНЕ ДАРАЛАНҒАН  
ТӘСІЛДЕРДІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ»**

педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру  
бағдарламасы

**АЛМАТЫ 2026**

## МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер
2. Глоссарий
3. Бағдарламаның тақырыбы
4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері
5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны
6. Оқу үдерісін ұйымдастыру
7. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі
8. Оқу нәтижелерін бағалау
9. Курстан кейінгі қолдау
10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

## 1. Жалпы ережелер

«Зиятында бұзылыстары бар оқушыларды оқытуда қолданылатын сараланған және дараланған тәсілдердің әдістемелік негіздері» (ары қарай – Бағдарлама) атты педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы зиятында бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептердің оқу ісі жөніндегі басшысының (директорының) орынбасарларын, мұғалімдерін (олигофренопедагогтерін) (ары қарай – Тыңдаушылар) оқытуды регламенттейді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауында Қазақстандағы әрбір оқушының сапалы білім алуы мен жан-жақты дамуына лайықты жағдай жасалуы тиіс екені атап өтіледі.

Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы «зияткерлік дамуы, психологиялық-физиологиялық және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, халық үшін барлық деңгейдегі білімнің қолжетімділігін» қамтамасыз ету қағидатына негізделген. Бұл ұлттық білім беру жүйесін білім алушылардың мүмкіндігінің әртүрлілігін ескере отырып дамытудың, сапалы білім алу құқығының бұзылуының алдын алудың маңыздылығын айқындайды.

Зиятында бұзылыстары бар оқушылардың білім беруін ұйымдастыруда шетелде де, елімізде де арнайы жағдай жасалған сараланған оқыту (арнайы мектептерде немесе арнайы сыныптарда) дәстүрлі тәсілі қолданылып келеді.

Зиятында бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектеп оқушыларының оқу бағдарламасын меңгеру мүмкіндіктері әртекті, бұл зиятындағы бұзылыстың көріну дәрежесінің әртүрлілігіне байланысты.

Балалардың зиятындағы бұзылысының айқындалу деңгейін ескере отырып оқыту сараланған және дараланған тәсілдерді қолдануды көздейді. Мұндай тәсілдер алыс және жақын шетел елдерінде әртүрлі педагогикалық стратегиялар аясында кеңінен қолданылады. Мысалы мектеп оқушыларының құрамы оқу мүмкіндіктеріне қарай А, В, С сыныптарына бөлінеді (Германия, Ұлыбритания, Литва және басқа елдерде) немесе бірінші және екінші топтарға (Беларусь) жіктеледі.

Елімізде арнайы мектептердің қызметін реттейтін Үлгілік қағидаларға сәйкес зиятында жеңіл және орташа түрдегі бұзылыстары бар балалар жеке сыныптарда да, бір сыныпта да оқи алады. Ресейлік ғалым-дефектологтар зиятында бұзылыстары бар оқушылардың әртүрлі оқу мүмкіндіктерін анықтап, оларды дамыту мен оқытудың тиімді жолдарын белгілеуге бағытталған терең эксперименттік зерттеулер жүргізген. Нәтижесінде оқушылардың педагогикалық жіктемесінің нақты критерийлері айқындалып, мұғалімдер сабақта ғылыми тұрғыдан негізделген сараланған тәсілді қолданады. Бұл

технологиялар Қазақстан Республикасындағы бірқатар арнайы мектептерде де қолданылып келеді.

Соңғы жылдары еліміздегі арнайы мектептерде зиятында орташа түрдегі бұзылыстары бар, сондай-ақ ақыл-ойының жеткіліксіздігі, аутизм спектрінің бұзылыстары мен мінез-құлықтың бұзылуы ұштасқан күрделі даму бұзылыстары бар балалар санының артқаны байқалуда. Бұл оқушылар тек академиялық білімнің негіздерін меңгеруде ғана емес, сонымен қатар өмірлік және әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруда да елеулі қиындықтарға тап болады. Осыған байланысты мұғалімдердің академиялық білімі мен дағдыларын қалыптастыру саласында ғана емес, сондай-ақ мінез-құлықты реттеу, коммуникативтік және өмірлік дағдыларды дамыту бағытында да оқушыларға сараланған және дараланған тәсілдерді қолдану технологиялары бойынша құзыреттерін кеңейту қажеттілігі туындап отыр.

Зиятының дамуында бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептердің 448 педагогіне жүргізілген сауалнама нәтижелерін талдау мұғалімдердің төмендегі мәселелер бойынша кәсіби құзыреттерін арттыру қажеттілігін көрсетті:

1) оқу материалын меңгеру мүмкіндіктеріне қарай және оқушылардың педагогикалық жіктемесінің критерийлері негізінде білім алушыларды оқытудың сараланған және дараланған тәсілдерін ұйымдастыру;

2) оқушылардың мүмкіндігінің әртүрлілігін, соның ішінде сынып оқушыларына арналған оқулық пен жұмыс дәптеріндегі тапсырмаларды ескере отырып, тиімді оқыту әдістері мен тәсілдерін таңдау;

3) оқушының пән бойынша оқу материалын меңгеру деңгейін және әлеуметтік дағдыларын анықтау;

4) оқу және оқу үдерісінен тыс жағдайларда оқушылардың мінез-құлқын реттеу;

5) оқушылардың жетістіктерін критериалдық сипаттамалық бағалау және алынған мәліметтерді сараланған және дараланған тәсілдерді қолдана отырып, оқу үдерісін жетілдіру үшін пайдалану;

6) оқушының ата-анасымен ынтымақтастық орнату.

Педагог кадрлардың сұранысын талдау зиятында бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептердің директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары мен педагогтеріне арналған курстық даярлау тақырыбының өзектілігін айқындауға мүмкіндік береді.

Сауалнамаға қатысушылар тарапынан сұранысқа ие әрі өзекті деп көрсетілген кәсіби даму бағыттары осы Бағдарламаның тақырыптық модульдерінің мазмұнына енгізілген.

## 2. Глоссарий

<p>Білім алу үшін арнаулы жағдайлар («Білім туралы» ҚР Заңы)</p>	<p>– «ерекше білім беруді қажет ететін адамдардың (балалардың), сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі балалардың оларсыз білім беру бағдарламаларын меңгеруі мүмкін болмайтын, оқу, сондай-ақ арнаулы, жеке дамыту мен түзеу-дамыту бағдарламаларын және оқыту әдістерін, техникалық, оқу және өзге де құралдарды, тыныс-тіршілік ортасын, психологиялық-педагогикалық қолдап отыруды, медициналық, әлеуметтік және өзге де көрсетілетін қызметтерді қамтитын жағдайлар»</p>
<p>Ерекше білім беруді қажет ететін адамдар (балалар) (ҚР «Білім туралы» Заңы)</p>	<p>– «тиісті деңгейде білім алу және қосымша білім алу үшін арнаулы жағдайларға тұрақты немесе уақытша қажеттілік көріп жүрген адамдар (балалар)»</p>
<p>Кемтар бала (балалар) («Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі Заңы)</p>	<p>– «белгіленген тәртіппен расталған, туа біткен, тұқым қуалаған, жүре пайда болған аурулардан немесе жарақаттардың салдарынан тіршілік етуі шектелген, дене және (немесе) психикалық кемістігі бар он сегіз жасқа дейінгі бала (балалар)»</p>
<p>Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау («Білім туралы» ҚР Заңы)</p>	<p>– «білім алу үшін қажетті арнаулы жағдайларды айқындау»</p>
<p>Мүмкіндігі шектеулі балаларды арнаулы психологиялық-педагогикалық қолдау (ҚР «Білім туралы» Заңы)</p>	<p>«қызметтің қандай да бір түрін орындау қабілеттерін қалпына келтіруге немесе оның орнын толтыруға бағытталған көрсетілетін қызметтер мен іс-шаралар кешені»</p>
<p>Психологиялық-педагогикалық қолдап отыру (ҚР «Білім туралы» Заңы)</p>	<p>– «білім беру ұйымдарында іске асырылатын, процесінде білім алушыларды, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде ерекше білім беруді қажет ететін адамдарды (балаларды) ойдағыдай оқыту және дамыту үшін әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық жағдайлар</p>

	жасалатын жүйелі-ұйымдастырылған қызмет»
Командалық бағалау (Мүмкіндігі шектеулі балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау стандарты. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 21 мамырдағы № 117 бұйрығы)	– «педагогтер тобының ерекше білім беру қажеттіліктерін, түзету-дамыту бағдарламасының негізгі бағыттарын айқындауы және арнайы психологиялық-педагогикалық қолдаудың тиімді әдістерін таңдауы»
Педагогикалық стратегия	– білім беру үдерісін ұйымдастыруға бағытталған, білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескеретін мақсатты әрі жүйелі тәсіл
Оқыту мақсаты	– оқу бағдарламасына сәйкес пәнді оқыту барысында білімнің, түсініктің және дағдыларды меңгеру нәтижелерін айқындайтын тұжырымдар
Оқу жоспары	– білім беру ұйымында оқытылатын оқу пәндерінің құрамын, олардың оқу жылы бойынша бөлінуін, апталық және оқу жылындағы сағат көлемін көрсететін құжат.
Оқу бағдарламасы	– оқу пәні аясында және жекелеген бөлімдер мен тақырыптар бойынша меңгерілуі тиіс білім, білік және дағдылардың мазмұны мен көлемін айқындайтын құжат
Оқу үдерісі	– педагогикалық жүйе жағдайында білім беру және тәрбие жұмысының мақсатын іске асыру барысындағы ересектер мен балалардың мақсатты әрі ұйымдастырылған өзара әрекеттестігі
Оқыту	– білімді жинақтау үдерісін басқару, танымдық құрылымдарды қалыптастыру, білім алушының оқу-танымдық белсенділігін ұйымдастыру және ынталандыру
Оқу	– мұғалімнің жетекшілігімен оқушының білім, білік және дағдыларды меңгеруге бағытталған белсенді іс-әрекеті
Педагогикалық диагностика	– оқыту үдерісінің жай-күйі мен нәтижелерін зерттеуге бағытталған педагогтердің қызмет жүйесі. Бұл оқу сапасы мен мамандардың кәсіби деңгейін арттыру мақсатында осы оқу үдерісін түзетуге мүмкіндік береді
Сараланған оқыту	– білім алушыларды топтастыру және қалыптасқан топтарда (сыныптарда немесе мектептерде) оқу

	үдерісін әртүрлі ұйымдастыру арқылы тұлғаның жеке және типологиялық ерекшеліктерін ескеру
Сараланған тәсіл	– оқу материалын меңгеру мүмкіндіктері әртүрлі топтағы оқушыларға сабақ барысында жағдай жасау және көмек көрсетуге бағытталған педагогтің қызметі
Жеке тәсіл	– білім алушыға оның нақты жеке ерекшеліктерін ескере отырып ықпал етуге негізделген тәсіл. Бұл тәсіл баланың даралығын ашуға мүмкіндік береді, ол ойлау үдерістерінің, есте сақтаудың, зейіннің сипаты, бастамашылдық пен шығармашылық қабілетінің көрінеді, сондай-ақ жаңа материалды меңгеру барысында әр баланың әртүрлі қызығушылық танытып, өз білімін әрқилы қолдануынан байқалады
Критериалды бағалау	– білім алушылардың оқу жетістіктерін оқу үдерісіне қатысушылардың барлығына алдын ала белгілі, білім беру мақсаттары мен мазмұнына сәйкес нақты анықталған бағалау критерийлерімен салыстыруға негізделген үдеріс
Формативті (ағымдағы) бағалау	– сабақ барысында білім алушылардың білімді меңгеруінің ағымдағы деңгейін және дағдыларының қалыптасу деңгейін анықтайтын бағалау. Ол оқыту үдерісінде мұғалім мен білім алушы арасындағы жедел кері байланысты қамтамасыз етеді, білім алушыға жаңа материалды меңгеру кезеңінде тапсырмаларды қаншалықты дұрыс орындап жатқанын түсінуге мүмкіндік береді, ал мұғалімге оқушылардың білім мен дағдыларды меңгерудегі қиындықтарын ескере отырып, оқыту стратегияларын жедел өзгертуге жағдай жасайды.
Оқу жетістіктерін сипаттамалық бағалау	– белгілі бір оқу кезеңі (тоқсан, жартыжылдық, оқу жылы) ішінде білім алушының нақты білім немесе дағды саласындағы ілгерілеуін көрсететін жеке жетістіктерін тіркейтін педагогикалық есеп.

### 3. Бағдарламаның тақырыбы

Бағдарламаның тақырыбы зиятында жеңіл және орташа түрдегі бұзылыстары бар оқушыларды оқытуда сараланған және жеке тәсілдерді,

сондай-ақ сараланған оқытуды ұйымдастыру мен жүзеге асырудың теориясы мен практикасы мәселелерін қарастырудың өзектілігін айқындайды.

Курстардың Бағдарламасында білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктеріне сипаттама беріліп, отандық нормативтік құқықтық актілердің мазмұны негізінде зиятында жеңіл және орташа түрдегі бұзылыстары бар оқушылардың білім алуына арналған арнайы жағдайлар нақтыланады. Сонымен қатар білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау технологиялары (педагогикалық диагностика) және оқыту үдерісінде сараланған тәсілді жүзеге асыру мақсатында оқушының тиісті типологиялық тобын (В.В. Воронкованың педагогикалық жіктемесіне сәйкес) анықтау мәселесі қарастырылады.

Қазіргі уақытта посткеңестік кеңістіктегі арнайы педагогикада гуманитарлық тәсілдердің дамуы байқалып, жаңа – әлеуметтік-мәдени парадигманың (әлеуметтік-педагогикалық тәсілдің) беделі арта түсуде. Осы парадигмамен танысу арнайы мектеп педагогтеріне арналған курстардың тақырыптық модульдеріне алғаш рет енгізіліп отыр. Л.С. Выготскийдің «Дефектологияның негізгі мәселелері» (1929 ж.) атты еңбегінде атап көрсетілген мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың оқу үдерісін ұйымдастырудың «медициналық» және «әлеуметтік-педагогикалық» модельдерінің негізгі қағидаларына салыстырмалы талдау жүргізу жоспарлануда. Арнайы мектепте сараланған және дараланған тәсілдерді қолданатын әлеуметтік-педагогикалық және жүйелі-белсенділік тәсілдері оқу үдерісін ұйымдастырудың өзекті әдіснамасы ретінде қарастырылады. Қазақстан Республикасындағы арнайы мектептердің қызметін дамыту бағыттары «нәтижеге бағдарланған білім беру» парадигмасына сәйкес орта білім мазмұнын жаңарту аясында ашып көрсетіледі.

Зиятында жеңіл және орташа түрдегі бұзылыстары бар білім алушыларға арналған 0–4 және 5–10 сыныптарға арналған Үлгілік оқу жоспарлары мен Үлгілік оқу бағдарламаларының құрылымы мен мазмұны талданады. Алғаш рет еліміздің арнайы мектептерінде отандық ғалымдар әзірлеп, апробациядан өткізген зиятында орташа түрдегі бұзылыстары бар білім алушыларға арналған жеке оқу бағдарламаларын құрастыру және жүзеге асыру тәртібі қарастырылады. Сондай-ақ алғаш рет әртүрлі типологиялық топтағы оқушыларға арналған сараланған тапсырмаларды қолдану арқылы әзірленген, зиятында жеңіл бұзылыстары бар білім алушыларға арналған соңғы буындағы оқу-әдістемелік кешендерді (ОӘК) пайдалану бойынша ұсынымдар беріледі.

Тақырыптық модульдердің мазмұны арнайы педагогикалық практиканың дамуының қазіргі заманғы үрдістерін және зиятында бұзылыстары бар оқушыларды оқыту мен дамытудың әртүрлі технологияларын (мінез-құлықтық талдау, баламалы коммуникация, Монтессори педагогикасы, А. Баниеэль әдісі және т.б.) қолдану мүмкіндіктерін айқындайды. Біліктілікті арттыру курстарының өзге ұқсас білім беру бағдарламаларынан айырмашылығы – әлеуметтік-педагогикалық тәсіл негізінде зиятында орташа түрдегі бұзылыстары бар білім алушыларды табысты оқыту мен өзін-өзі іске асыруы

үшін арнайы жағдайлар жасау мақсатында білім беру ортасын қайта құрудың нақты үлгілері ұсынылады. Бұл ретте отандық практикалық тәжірибе мен қазақстандық ғалымдардың ғылыми-практикалық зерттеулері пайдаланылады. Зиятында бұзылыстары бар оқушыларды оқытудың классикалық арнайы әдістері мен тәсілдерін қолдану жолдары, сондай-ақ жетістіктерді критериалды сипаттамалық бағалау тетіктері нақтыланады. Курстық даярлаудың практикалық бөлімінде нақты жағдайларды (тыңдаушылардың жұмыс тәжірибесінен) талқылау үшін шағын топтарда жұмыс, жеке практиканы рефлексиялық талдау арқылы өзіндік жұмыс, оқушылардың жағымсыз мінез-кұлқымен жұмыс істеу әдістерін модельдеу, дараланған және сараланған тәсілдердің әдіс-тәсілдерін модельдеу, ата-аналармен өзара әрекеттесу мәселелерін талқылау, проблемалық жағдаяттарды командалық тәсілмен шешу дағдыларын пысықтау, сабақты зерттеу, топ мүшелерінің өзара көмегі және қолда бар әдістемелік ресурстармен алмасу көзделеді.

#### **4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері**

Біліктілікті арттыру бағдарламасының мақсаты – зиятында бұзылыстары бар оқушыларға сапалы білім беруді қамтамасыз ету үшін Тыңдаушыларды ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау, сараланған және дараланған тәсілдерді ұйымдастыру мәселелері бойынша әдіснамалық, технологиялық және әдістемелік білімдер мен дағдылармен қамтамасыз ету.

Бағдарламаның міндеттері:

1) зиятында бұзылыстары бар балаларды оқытудың мақсаттары мен міндеттеріне, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне және оқушылардың оқу үдерісін ұйымдастырудағы «әлеуметтік-педагогикалық» тәсіл шеңберіне сәйкес арнайы мектеп тарапынан білім алушыларға ұсынылатын «ерекше білім беру қажеттіліктері» (ЕБК) және «білім алуға арналған арнайы жағдайлар» ұғымдарын нақтылау;

2) ата-аналар мен мамандардың қатысуымен білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін командалық бағалау (педагогикалық диагностика) тәртібін және оның нәтижелері негізінде сабақта сараланған және дараланған тәсілдерді жүзеге асыру жолдарын ашып көрсету;

3) зиятында орташа түрдегі бұзылыстары бар білім алушыларға арналған жеке оқу бағдарламаларын құрастыру тәртібін және оларды сараланған оқыту жағдайында (жеке сыныптарда) табысты оқыту, әлеуметтендіру және өзінің қабілетін іске асыруына арналған білім беру ортасын түрлендіру тәсілдерін қарастыру;

4) оқыту мен дамытудың заманауи технологияларымен, оқушылардың жағымсыз мінез-кұлқын еңсеру әдістерімен (мінез-кұлқы талдау, баламалы коммуникация, Монтессори-педагогика және т.б.), сондай-ақ білім алушылардың жетістіктерін критериалды сипаттамалық бағалау арқылы

бағалау тәсілдерімен таныстыру.

Күтілетін нәтижелер. Курс аяқталғаннан кейін тыңдаушылар:

1) зиятында бұзылыстары бар балаларды оқытудың мақсаттары мен міндеттеріне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес арнайы мектеп тарапынан ұсынылатын оқушылардың білім алуына арналған арнайы жағдайларды атайды;

2) білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін командалық бағалау (педагогикалық диагностика) тәртібін атайды; құжаттаманы жүргізу және талдау тәртібін (бақылау хаттамалары, оқушының педагогикалық сипаттамасын жасау, күнтізбелік-тақырыптық жоспарды, сабақ жоспарын құрастыру) біледі; сабақта сараланған және дараланған тәсілдерді жоспарлап, оларды негіздей алады;

3) зиятында орташа түрдегі бұзылыстары бар білім алушыларға арналған жеке оқу бағдарламаларын құрастыру алгоритмін меңгереді; оларды табысты оқыту, әлеуметтендіру және өзінің қабілетін іске асыруы үшін білім беру ортасын түрлендіру тәсілдерін атайды;

4) зиятында бұзылыстары бар оқушыларды оқыту мен дамытудың заманауи технологияларының дидактикалық ерекшеліктерін, оқушылардың жағымсыз мінез-құлқын еңсеру әдістерін түсіндіреді; өз сыныбындағы білім алушылардың жетістіктеріне сипаттамалық бағалау жасай алады.

## 5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Бағдарлама 4 модульден тұрады:

1-модуль. Қазақстан Республикасында зиятында бұзылыстары бар оқушылардың оқу үдерісін ұйымдастырудың әдіснамалық және нормативтік-құқықтық негіздері.

2-модуль. Зиятында бұзылыстары бар оқушыларды оқытудың ұйымдастырушылық-мазмұндық негіздері.

3-модуль. Оқушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау, білім алушыларға сараланған және дараланған тәсілдерді жобалау және жүзеге асыру.

4-модуль. Зиятында бұзылыстары бар оқушыларды оқытуда дәстүрлі классикалық және инновациялық технологияларды, әдістер мен тәсілдерді қолдану.

1-модуль. Қазақстан Республикасында зиятында бұзылыстары бар оқушылардың оқу үдерісін	<b>1-тақырып.</b> Қазақстан Республикасындағы зиятында бұзылыстары бар оқушыларды оқыту жүйесі мен арнайы педагогиканың дамуының заманауи үрдістері. Даму мүмкіндігі шектеулі оқушылардың білім беру үдерісін ұйымдастырудың «медициналық» және
---	--

<p>ұйымдастырудың әдіснамалық және нормативтік-құқықтық негіздері.</p>	<p>«әлеуметтік-педагогикалық» модельдері (тәсілдері) (қысқаша тарихи шолу).  Оқу үдерісі және оның құрамдас бөліктері. Оқу үдерісінің объективті және субъективті жақтары. Әлеуметтік-педагогикалық және жүйелі-әрекеттік тәсілдер – арнайы мектептегі оқу үдерісінің әдіснамалық негіздері. Қазақстан Республикасындағы арнайы мектептердің қызметін дамыту үрдістері орта білім мазмұнын «нәтижеге бағдарланған білім беру» парадигмасына сәйкес жаңарту контекстінде қарастырылады.</p> <p><b>2-тақырып.</b> ҚР зиятында дамуында бұзылыстары бар оқушыларды оқыту саласындағы қолданыстағы заңнаманы талдау.  ҚР Конституциясы, «Баланың құқықтары туралы», «Білім туралы», «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» ҚР Заңдары, Арнайы мектептердің қызметін ұйымдастырудың үлгілік қағидалары (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің № 385 бұйрығы), Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің қағидалары (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі № 92 бұйрығы) және басқа да нормативтік құқықтық актілер.</p>
<p>2-модуль. Зиятында бұзылыстары бар оқушыларды оқытудың ұйымдастырушылық-мазмұндық негіздері.</p>	<p><b>3-тақырып.</b> ҚР зиятында бұзылыстары бар балаларды мектепте оқытудың мақсаты мен міндеттері. Арнайы жағдайлар жасау.  Зиятында жеңіл және орташа түрдегі бұзылыстары бар оқушыларды оқытудың мақсаты мен міндеттері. Оқу үдерісін ұйымдастыру қағидаттары: педагогикалық диагностика, оқыту, танымдық қызметті және эмоционалдық-ерік саласын (ЭЕС) ұштастыру; іс-әрекетке құрылған тәсіл; дамытуға бағытталу; оқытудағы дараланған және сараланған тәсілдер.  Оқушылардың типологиялық топтарын сипаттау (В.В. Воронкова бойынша) – сабақта сараланған тәсілді жүзеге асырудың негізі. Зиятында бұзылыстары бар балаларды арнайы мектепте, арнайы сыныпта оқытуға арналған арнайы жағдайлар:  1) жеке даму бағдарламаларын, жеке оқу жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеу;  2) тәрбиелеу мен оқыту нәтижелерін (білім</p>

- алушының жетістіктерін) бағалау тәсілдерін өзгерту;
- 3) вариативті, арнайы және баламалы оқыту әдістерін қолдану;
  - 4) оқулықтар мен оқу құралдарын іріктеу, жеке оқу материалдарын дайындау;
  - 5) кедергісіз орта қалыптастыру және оқу орнын бейімдеу;
  - 6) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларына сәйкес жабдық пен жиһазды пайдалану;
  - 7) ПМПК қорытындысы мен ұсынымдары негізінде мүмкіндігі шектеулі балаларға арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету (педагог-психолог, арнайы педагог, педагог-ассистент тарапынан);
  - 8) Педагогикалық қорғау режимді қамтамасыз ету;
  - 9) бастауыш мектепте және негізгі орта білім беру деңгейінде оқыту мерзімдерін ұзарту;
  - 10) ұзартылған оқу күні режимінде оқыту;
  - 11) бастапқы кәсіби-еңбек дағдыларын қалыптастыру.

**4-тақырып.** Зиятында бұзылыстары бар оқушылардың білім беру мазмұнын талдау.

Зиятында бұзылыстары бар оқушыларға білім берудің шектеусіз сипаты. Ол білім беру мазмұнын, оқыту қарқынын және күтілетін нәтижелерді барынша дараландыруға мүмкіндік береді. Зиятында жеңіл және орташа түрдегі бұзылыстары бар білім алушыларға арналған Үлгілік оқу жоспарларын талдау. Зиятында жеңіл және орташа түрдегі бұзылыстары бар оқушылардың бастауыш және негізгі орта білім беру деңгейлеріне арналған Үлгілік оқу бағдарламаларына сипаттама беру. Үлгілік оқу бағдарламаларының құрылымы, мақсат қоюға көзқарас, сараланған оқытуды, сараланған және дараланған тәсілдерді қолдану арқылы зиятында жеңіл және орташа түрдегі бұзылыстары бар оқушылардың оқу үдерісін ұйымдастыруда оқу бағдарламаларын пайдаланудың ерекшеліктері. Оқу үдерісінің оқу-әдістемелік кешендермен (оқулық, жұмыс дәптері, әдістемелік

	<p>кұрал) қамтамасыз етілуі. Оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендердің құрылымдық ерекшеліктері, оларды сараланған тәсілді жүзеге асыру барысында оқу үдерісінде пайдалану жолдары.</p>
<p>3-модуль. Оқушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау, білім алушыларға сараланған және дараланған тәсілдерді жобалау және жүзеге асыру</p>	<p><b>5-тақырып.</b> Оқушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау (педагогикалық диагностика). Оқу үдерісіндегі педагогикалық диагностиканың түрлері және олардың мақсаттары: алдын ала (жүйелі оқытуға дайындық деңгейін бағалау), ағымдағы (дағдыларды меңгеру үдерісін зерттеу және оқыту мазмұны мен әдістерін түзету), мерзімдік (жетістіктер мен көмекке мұқтаждықты тақырыптық бақылау), қорытынды (оқыту нәтижелерін зерделеу). Педагогикалық диагностика әдістеріне сипаттама: бақылау; әңгімелесу; баланың іс-әрекетінің нәтижесін зерттеу; деңгейі әртүрлі, дараландырылған тапсырмалар мен жаттығулар және т.б. Педагогикалық диагностика критерийлері: ұжымдық оқытуға қажетті дағдыларды меңгеру деңгейі; жұмысқа қабілеттілік; оқу бағдарламалары мазмұнын меңгеру деңгейі; тұлғалық қасиеттер; қызығушылықтары мен әуестіктері; отбасының қолдауы және т.б. В. В. Воронкованың оқушыларды педагогикалық жіктеуіне сәйкес білім алушыларды типологиялық тобын анықтауға арналған педагогикалық диагностика критерийлері. Диагностикуаны жүргізу тәртібі және алынған деректерді талдау.</p> <p><b>6-тақырып.</b> Сараланған және дараланған тәсілдерді қолдана отырып, зиятында жеңіл түрдегі бұзылыстары бар оқушылардың оқу процесін жобалау. Оқу процесінің компоненттері: мақсаты, оқыту мазмұны, мұғалімнің қызметі, оқушылардың қызметі, жетістіктерін бағалау. Оқу мақсаттары – оқу үдерісін</p>

жобалаудың жүйелік компоненті. Пән бойынша оқу үдерісін оқу курсы деңгейінде, оқу тақырыбы деңгейінде, сабақ деңгейінде жобалау (жоспарлау).

Оқу курсы деңгейінде жоспарлау: бағдарламаның мазмұны (ұзақ мерзімді жоспар) негізінде, оқушыларды оқытудың алдыңғы кезеңінің нәтижелерін немесе бастапқы диагностиканы ескере отырып; пәннің нақты материалының ерекшеліктерін және пәнішілік байланыстарды; оқытудың арнайы әдістемесінің талаптарын ескере отырып жүзеге асырылады.

Оқу тақырыбы деңгейінде жоспарлау келесідей кезеңдерді ескере отырып, жаңа білім алудың психологиялық заңдылықтарына сәйкес жүзеге асырылады:

1. Жаңа материалмен танысу (қабылдау)
  2. Түсінгенін алғашқы бекіту / бағалау
  3. Екінші реттік бекіту (түсіну)
  4. Қабілеті мен дағдыларын қалыптастыру
  5. Білімді қолдану (білімді басқа жағдайға көшіру).
- Сабақ деңгейінде жоспарлау: білім алушылардың мүмкіндіктерінің әртүрлілігін ескере отырып (4 типологиялық топ және оқушыларға сараланған көзқарас), білім беру, түзете-дамыту және тәрбиелеу міндеттерін шешу қажеттілігімен жүзеге асырылады. Оқытудың практикалық бағытын қамтамасыз ету. Сабақтың сызықтық емес құрылымы оқушыларға сараланған тәсілді жүзеге асырудың шарты ретінде. Арнайы мектептегі сабақты талдау критерийлері.

**7-тақырып.** Сабақ және оны арнайы мектепте зерттеу. Арнайы мектептегі зиятында бұзылыстары бар балаларға арналған сабақтың ерекшеліктері. Білім алушылардың ақыл-ой және дене қабілетінің төмендігін, сыныптағы әртүрлі типологиялық топтағы оқушылардың оқу мүмкіндіктерін ескеретін сабақ құрылымына қойылатын талаптар. Сабақтың құрылымдық компоненттерінің сипаттамасы мен функциялары: ұйымдастырушылық сәт, жаңа материалды қабылдауға дайындық, жаңа оқу материалын түсіндіру, оқу материалын түсінуді тексеру, қабілеті мен дағдыларын бекіту, қайталау, сабақтың қорытындысы. Сынып құрамын ескере отырып, оқу материалының мазмұнын таңдау, оқу материалын зерттеудің әр кезеңінде оқушыларға

	<p>сараланған және дараланған тәсілді жоспарлау және жүзеге асыру.</p> <p>Өз сабағына рефлексивті талдау жасау. Өз тәжірибесінің өзгертуді, жетілдіруді қажет ететін аспектілерін анықтау. Өз тәжірибесінің тиімділігіне теріс әсер ететін себептерді анықтау және оларды жою жолдарын іздеу. Инновацияларды енгізу, педагогикалық тәсілдерді жетілдіру. Әріптестермен бірлесіп: сабақты жоспарлау, жаңа идеялардың іске асырылуын бақылау, оқу мен оқытуды талдау, өз қорытындыларын құжаттау.</p>
<p>4-модуль. Зиятында бұзылыстары бар оқушыларды оқытуда дәстүрлі классикалық және инновациялық технологияларды, әдістер мен тәсілдерді қолдану</p>	<p><b>8-тақырып.</b> Әлеуметтік-педагогикалық және іс-әрекеттік тәсілдер негізінде оқу процесін ұйымдастыру.</p> <p>Оқу процесін ұйымдастыру принциптері – оқушылардың мүмкіндіктерін барынша есепке алу, оқытудағы әлеуметтік-педагогикалық «кедергілерді» барынша азайту, оқытудың ғылыми негізделген технологиялары. Оқу үдерісін ұйымдастырудың ерекшеліктері: «кішкентай қадамдар» әдісі; күрделі ұғымдар мен іс-әрекеттердің толық бөлшектеніп түсіндірілуі, оларды дәйекті түрде пысықтау; П.Я.Гальпериннің ақыл-ой әрекеттерін кезең-кезеңімен қалыптастыру теориясы негізінде академиялық білімді қалыптастыру; оқытудың баяулауы және қалыптастырылатын дағдылардың, қабілеттердің жиі қайталануы; «алға ұмтылу» әдісін қолдана отырып, жаңасын үйренудің алдын-ала пропедевтикасы; оқушылардың пәндік-практикалық іс-әрекетін пайдалану; біртіндеп абстракциялай отырып, көрнекілік құралдарына жан-жақты сүйену; оқушылардың іс-әрекетін мұғалім мен оқушының бірлесіп орындауына дейін бағыттау; нақтыдан жалпыға, нақтыдан абстрактіге қарай оқыту (танымның индуктивті жолы).</p> <p>Зиятының жеңіл түрдегі бұзылыстары бар оқушыларды оқытудың дәстүрлі классикалық әдістерін талдау. Оқыту әдістерін таңдау: оқу пәнінің мазмұнына, формальды логика ережелеріне, таным процесінің заңдылықтарына (қабылдау, түсіну, қабілеттер мен дағдыларды бекіту, білім мен дағдыларды қолдану); зиятында бұзылыстары бар оқушылардың танымдық іс-әрекетінің ерекшеліктеріне</p>

қарай анықталады. Келесі топтарды оқыту әдістерін қолдану ерекшеліктері: ауызша (әңгіме, түсініктеме, сұхбат); көрнекі (көрсету, иллюстрация, демонстрация); практикалық (жаттығу, практикалық тапсырмалар, жағдаяттық тапсырмалар, еңбек қызметі). Оқытудың интерактивті әдістерін қолдану (жұптық, топтық жұмыс), педагог барынша көмек көрсететін, оның көшбасшылық рөліне негізделген жобалар әдісі.

Оқу жетістіктерін критериалды сипаттамалық бағалау.

**9-тақырып.** Зиятында орташа түрдегі бұзылыстары бар оқушыларды оқыту және тәрбиелеу үшін пәндік даму ортасын құру.

Зиятында орташа түрдегі бұзылыстары бар оқушыларды оқытудың мақсаты мен міндеттері. Оқыту мазмұнының сипаттамасы: «өмірлік дағдылар» компоненті және «академиялық дағдылар» компоненті. Оқыту үдерісін ұйымдастыру принциптері: баланың жеке ерекшеліктерін сақтай отырып, жеке қарқынмен даму құқығын тану; әр оқушының жеке мүмкіндіктерін және білім беру және жеке жетістіктерін бақылау нәтижелерін ескере отырып, педагогтің оқытудың мазмұнын, әдістерін, формаларын, дидактикалық құралдарын өз бетінше таңдауы; оқушылардың практикалық іс-әрекеті мен әлеуметтік дағдыларын қалыптастыратын тиісті мектеп ортасын құру; мектептегі оқушылардың күнделікті іс-әрекетінің интеграцияланған сипаты; оқу-тәрбие үдерісінің әлеуметтендіру бағыты. Арнайы мектеп жағдайында оқытуды ұйымдастыру түрлері: зиятында орташа түрдегі бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы сынып; зиятында бұзылыстары бар балаларға арналған сыныпта оқыту (2–3 адамнан); үйде оқыту және баланың арнайы мектеп жағдайында уақытша (аптасына 2–3 рет) болуы (дәрігердің келісімі бойынша).

Оқу процесіндегі дамыту қызметінің түрлері: тірі және жансыз табиғатты және әлеуметтік өмір құбылыстарын бақылау; пәндік-практикалық қызмет; бастауыш сыныптардағы балалардың ойынға негізделген қызметі; жоғары сыныптардағы сюжеттік-рөлдік және іскерлік ойындар; оқушылардың шаруашылық-еңбек қызметі; әлеуметтік-тұрмыстық қызмет; жақын

ортадағы балалармен және ересектермен қарым-қатынас; оқу қызметі (балалардың мүмкіндіктеріне сәйкес).

Пәндік даму ортасын құру: Монтессори-педагогика негізінде оқыту және тәрбиелеу. Оқытудың балама әдістерін қолдану (ғаламдық оқу, PECS кескіндерімен алмасу әдістемесі және т.б.). Бастауыш сыныптардағы оқу процесін түпкілікті тақырыптық жоспарлау, жеке оқу бағдарламалары негізінде жоспарлау, оқу күнін жоспарлау, интеграцияланған сабақтар құру, жоба әдісін қолдану, жеке оқу кітаптарын құру.

**10-тақырып.** Зиятында орташа түрдегі бұзылыстары бар білім алушыларға арналған жеке оқу бағдарламаларын құру. Жетістіктерді сипаттамалық бағалау.

Зиятының орташа түрдегі бұзылыстары бар білім алушыларды бастапқы педагогикалық диагностикалау және Үлгілік оқу бағдарламаларының мазмұны негізінде жеке оқу бағдарламасын жасау тәртібі. Бастапқы педагогикалық диагностиканың мақсаты мен міндеттері. Диагностикалық құралдар мен педагогтер қолданатын әдістердің сипаттамасы. Оқушы туралы алынған ақпаратты талдау және құрылымдау, психологиялық-педагогикалық сипаттаманы құру. Оқушының психологиялық-педагогикалық сипаттамасы – жеке оқу бағдарламасының жарты жылдық мазмұнын анықтаудың бастапқы нүктесі. Жеке оқу бағдарламасын құрастыру алгоритмі. Жеке бағдарламаны жасауға қажетті кәсіби дағдылар: оқушының іс-әрекетін бақылау негізінде педагогикалық диагностиканы орындау; баланың дамуының онтогенетикалық заңдылықтарын ескере отырып, бақылау нәтижелерін талдау мүмкіндігі; онтогенетикалық заңдылықтарға сүйене отырып, баланың дамуының негізгі бағыттарындағы (қозғалыс, сөйлеу, сенсорлық, өзіне-өзі қызмет көрсету, іс-әрекет, коммуникация және т.б.) дағдыларының қалыптасу реттілігін анықтау мүмкіндігі; оқушыға оқу мақсаттарының қолжетімді болуы тұрғысынан Үлгілік оқу бағдарламаларының мазмұнын талдай білу; қарастырылып отырған санаттағы оқушыларды оқыту әдістемелерін меңгеру.

Оқушылардың жетістіктерін критериалды

сипаттамалық бағалау (баға қоймай бағалау). Жеке бағдарламаның оқу мақсаттары (оқушыдан күтілетін іс-әрекетті сипаттайды) бағалау критерийлері болып табылады. Оқу жетістіктері дағдыларды, іс-әрекеттерді меңгеру дәрежесін көрсететін сөздермен сипатталады: қызмет ересек адамға еліктеу арқылы жүзеге асырылады, қызмет үлгі бойынша жүзеге асырылады, әрекет ересек адамның дәйекті ауызша нұсқауларына сәйкес орындалады (бұл деңгейде кері сөйлеуді түсіну қажет), әрекет өздігінен орындалады. Сипаттамалық бағалау – бұл балаға қолжетімді, нақты орындайтын әрекеттерінің сапалы мазмұны. Сипаттамалық бағалау – зиятының орташа түрдегі бұзылыстары бар мектеп оқушыларының оқу нәтижелерін ұсынудың жалғыз формасы.

**11-тақырып.** Оқушылардың жағымсыз мінез-құлқымен жұмыс істеу әдістері. «Проблемалық (жағымсыз) мінез-құлық» ұғымының анықтамасы. Оқушылардың жағымсыз мінез-құлқының кең таралған түрлері: агрессия, өзіне бағытталған агрессия, ашуланшақтық, қашу, мүлікті бүлдіру, қоғамға мақұлданбайтын мінез-құлық, тиімді оқытуға қажетті реакциялардың болмауы.

Проблемалық мінез-құлықты түзету кезеңдері:

- талдауды және түзетуді қажет ететін проблемалық мінез-құлықты таңдау;
- проблемалық мінез-құлықтың нақты сипаттамасы;
- проблемалық мінез-құлықты функционалды бағалау;
- – мінез-құлықты түзету жоспарын әзірлеу және қолдану;
- мониторинг жүргізу;
- түзетілген мінез-құлықты генерализациялау (жалпылау);
- жоспарға өзгерістер енгізу немесе бағдарламаны аяқтау.

Жағымсыз мінез-құлықты түзету әдістері: алдын алу әдістері, мінез-құлық салдарын өзгерту әдістері, балама мінез-құлықты қалыптастыру әдістері. Мониторинг: мінез-құлықты түзету динамикасын бақылау. Жұмыс жоспарын түзету немесе бағдарламаны аяқтау. Оқушының проблемалық мінез-құлқымен жұмыс барысын құжаттау.

	<p><b>12-тақырып.</b> Білім алушылардың ата-аналарымен жұмыс. Топпен практикалық жұмыс жүргізу. Ата-аналардың оқу-тәрбие процесіне қатысуының нәтижелерін айқындау, тұжырымдау, оқушылардың ата-аналарымен жұмысты ұйымдастырудағы мектептің және өзінің тәжірибесі мен практикасын талдау, ата-аналардың қатысуынан күтілетін нәтиже мен олармен ынтымақтастықта қолданылатын тәсілдер мен әдістерді салыстыру. Ата-аналармен жұмыс тәжірибесін жетілдіру, ынтымақтастықтың жаңа түрлерін енгізу, дәстүрлі іс-шаралардың мазмұнын өзгерту бағыттарын айқындау. Әртүрлі білім беру ұйымдары (мектептер) өкілдерінің жұмыс тәжірибесімен алмасу. Білім алушылардың ата-аналарымен ынтымақтастық мәселесі бойынша өзінің кәсіби даму бағыттарын айқындау.</p>
--	---

## **6. Оқу үдерісін ұйымдастыру**

Біліктілікті арттыру курстары мынадай режимде ұйымдастырылады:

1) күндізгі оқыту – Бағдарламаның 1-қосымшасына сәйкес курстың оқу-тақырыптық жоспары (бұдан әрі – ОТЖ) негізінде жүргізіледі. Оқытудың жалпы көлемі – 80 сағат. Бір апталық форматтағы күндізгі оқыту ұйымдастырылған жағдайда, ОТЖ-дағы сағат саны екі есе қысқартылады, ал тақырыптар мен сабақ өткізу формалары өзгеріссіз қалады;

2) аралас оқыту Бағдарламаның 2-қосымшасына сәйкес оқу-тақырыптық жоспар негізінде жүзеге асырылады және екі кезеңнен тұрады: қашықтан оқыту – 56 сағат; күндізгі оқыту – 24 сағат.

Білім беру процесінде төмендегідей оқыту әдістері қолданылады: дәріс, семинар, өз тәжірибесіндегі проблемалық мәселелерді талқылауға арналған топтық практикалық жұмыстар; оқу бағдарламаларын, оқыту әдістерін, оқушыларға арналған бақылау тапсырмаларын бейімдеу, сондай-ақ оқушылардың жағымсыз мінез-құлқын еңсеру әдістерін таңдауға бағытталған топтық тренингтер; әртүрлі типологиялық топтардың оқушыларына сараланған және дараланған стратегияларын командалық талқылау, кейстер әдісі, дөңгелек үстел.

Педагогтердің Бағдарлама мазмұнын терең түсіну деңгейін арттыру мақсатында: әрбір дәрістен кейін өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтарға жауап беру; теорияның негізгі мәселелері мен кейс-стадилерді шағын топтарда талқылап, ұжымдық жұмыстарды таныстыру; мұғалімдердің командалық

жұмыс дағдыларын дамытуға арналған тренингтерді өткізу, кейінгі талқылау және рефлексия жасау.

## **7. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі**

Бағдарламаның оқу-әдістемелік құрамына:

- 1) педагог кадрлардың біліктілігін арттыру бағдарламасы;
- 2) сауалнама парақтары, аралық және қорытынды бақылау тапсырмаларын орындауға арналған материалдар мен нұсқаулықтар;
- 3) ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау (педагогикалық диагностика) үдерісін талдау, оқушының педагогикалық сипаттамасын жасауға арналған білім беру практикасының нақты мысалдары көрсетілген үлестірме материалдар;
- 4) оқу процесін жобалау және жетістіктерді критериалды сипаттау бойынша құжаттама үлгілері;
- 5) жеке оқу бағдарламаларының үлгілері;
- 6) зиятында орташа түрдегі бұзылыстары бар білім алушылардың білім беру ортасын түрлендіру тәсілдерін суреттейтін бейнематериалдар;
- 7) зиятында жеңіл және орташа түрдегі бұзылыстар бар білім алушылардың оқу процесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар; оқушылардың қалаусыз мінез-құлқын еңсеру бойынша әдістемелік ұсынымдар.

## **8. Оқу нәтижелерін бағалау**

Тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау ағымдағы және қорытынды бақылау арқылы жүргізіледі.

Формативті бағалау аралық бақылау және білім мен дағдыларды түзету үшін қолданылады. Әр тақырыпқа қатысты негізгі сұрақтарға (өзін-өзі тексеруге арналған тапсырмалар) ауызша немесе жазбаша түрде практикалық тапсырмаларды орындау, педагогикалық тапсырмаларды шешу, педагогикалық құжаттаманы толтыру, толтырылған педагогикалық құжаттаманы талдау арқылы жауап беріледі. Өзін-өзі тексеруге арналған тапсырмалар (әр тақырып бойынша негізгі сұрақтар), практикалық тапсырмаларды орындауға қатысты ұсыныстар, құжаттаманы толтыру үлгілері біліктілікті арттырудың білім беру бағдарламасының оқу-әдістемелік кешеніне кіреді. Тапсырмаларды орындау кезінде тыңдаушыларға топтық нысанда және жеке сұраулар бойынша консультация беріледі. Дәріскер тыңдаушылардың кестеге сәйкес тапсырмаларды орындауын бақылайды, тыңдаушының жұмыс сапасын жақсарту жолдарын көрсете отырып, толық кері байланыс береді.

Қорытынды бағалау әр тақырып бойынша курста алынған ақпаратты түсінуді, терминологияны қолданудың дұрыстығын бақылауға мүмкіндік беретін ашық сұрақтарға жауап түрінде жүргізіледі. Оқыту жетістіктерін қорытынды бағалау мақсатында әрбір модульдің тақырыбына сәйкес 2 сұрақтан

тұратын ашық сұрақтар банкі әзірленген. Өзін-өзі тексеру үшін әрбір сұрақтың үлгілік жауабы беріледі. Жауаптардың дұрыстығы мен толықтығы бағаланады: қате жауап – 0; толық емес жауап – 1; дұрыс әрі толық жауап – 2 балл. Қорытынды бақылау жұмысы кемінде 24 балл (50 %) жинаған жағдайда есепке алынады.

### **9. Курстан кейінгі қолдау**

Тыңдаушыларды курстан кейінгі қолдау формалары:

- 1) педагогтің курстан кейінгі практикасында кәсіби құзыретін дамытуына арналған жеке даму траекториясының жоспарын әзірлеу (курстың соңғы күні «Педагогтің курстан кейінгі практикасында кәсіби құзыретін дамытуына арналған жеке траекторияны жоспарлау жөніндегі іс-шаралар тізбесі» негізінде құрастырылады және лектормен келісіліп бекітіледі);
- 2) курс барысында алынған ақпаратты өз тәжірибесіне енгізу нәтижелерін таныстыруға арналған вебинарлар;
- 3) жеке және топтық онлайн-консультациялар;
- 4) ашық сабақтарға қатысу;
- 5) өз педагогикалық практикасына енгізілген өзгерістердің, сабақ зерттеудің нәтижелері бойынша дөңгелек үстел ұйымдастыру.

Тыңдаушыларды курстан кейінгі қолдау үшін Zoom платформасы, электрондық пошта, мобильді байланыс және әлеуметтік желілерді пайдалану жоспарланады.

### **10. Список основной и дополнительной литературы**

- 1 Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам: Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың атты Қазақстан халқына Жолдауы, 2022 жылғы 1 қыркүйек.
- 2 «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы.
- 3 «Білімді ұлт» «Сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы (01.01.2024 ж. бастап күшіне енген).
- 4 «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы.
- 5 «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы.
- 6 «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI Заңы.
- 7 «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343 Заңы.

8 «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 26 маусымдағы № 56-VII Заңы.

9 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы және ҚР Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 15 сәуірдегі № 74 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен бірге.

10 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын қоспағанда, тиісті типтердегі және түрлердегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы № 59 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен бірге.

11 «Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі N 338 Бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 31 сәуірдегі № 98 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен бірге.

12 «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын және бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 06 мамырдағы № 104 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен бірге.

13 «Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қызметінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі № 92 бұйрығы.

14 «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 03 сәуірдегі № 115 Бұйрығы.

15 «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 Бұйрығы.

16 «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 21 шілдедегі № 224 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 2024 жылғы 29 мамырдағы № 127 және 2024 жылғы 11 желтоқсандағы № 356 бұйрықтарымен енгізілген өзгерістерімен бірге.

17 «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі қағидалары» Қазақстан Республикасы

Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 Бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрі 2025 жылғы 30 сәуірдегі № 98 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен бірге.

18 «Орта білім беру ұйымдарына арналған жекелеген пәндер бойынша оқулықтар мен базалық оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 30 сәуірдегі № 98 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен бірге.

19 «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 30 сәуірдегі № 98 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен бірге.

20 «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы, ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2025 жылғы 21 сәуірдегі № 39 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен бірге.

21 «Білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың түрлері мен нысандарын және оларды беру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтарындағы № 39 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 30 сәуірдегі № 98 бұйрығы енгізілген өзгерістерімен бірге.

22 Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 30 сәуірдегі № 98 бұйрығы енгізілген өзгерістерімен бірге

23 Воронкова, В.В. Дифференцированный подход в обучении умственно отсталых детей младшего школьного возраста на примере усвоения русского языка: монография/ В.В. Воронкова. – АСОУ, 2016. – 200 с.

24 Егорова, Е.В. Сопровождение детей с особыми образовательными потребностями педагогом-ассистентом в организациях образования: метод. рекомендации/ Е.В.Егорова, Ж.Б. Аханова, Д.Х. Култаев. – Алматы: ННПЦ РСИО, 2022. – 42 с. [Электронный ресурс <https://www.special-edu.kz/>].

25 Елисеева, И.Г., Карипжанова Ш.Ж. Создание условий для получения образования школьниками с легкими интеллектуальными нарушениями: метод. рекомендации/ Елисеева И.Г., Карипжанова Ш.Ж.- Алматы: ННПЦ РСИО, 2022. – 63 с. [Электронный ресурс <https://www.special-edu.kz/>].

26 Елисеева И.Г., Даурцева Г.Ю. Создание условий для получения образования

школьниками с умеренными нарушениями интеллекта в специальной школе: метод. рекомендации/ Елисеева И.Г., Даурцева Г.Ю.- Алматы: ННПЦ РСИО, 2023. – 64 с. [Электронный ресурс <https://www.special-edu.kz/>].

27 Перова, М.Н. Методика преподавания математики во вспомогательной школе: учебник. – 3-е изд., перераб. / М.Н. Перова. – М.: Просвещение, 1989. – 336 с.

28 Баниэль А. Дети с неограниченными возможностями / А.Баниэль. – М.: ООО «Альпина Паблишер», 2024. – 332 с.

«Зиятында бұзылыстары бар оқушыларды оқытуда қолданылатын сараланған және дараланған тәсілдердің әдістемелік негіздері» педагогтердің біліктілігін арттыру

курстарының  
білім беру бағдарламасына  
1-қосымша

**Күндізгі оқу режиміндегі курстың оқу-тақырыптық жоспары**

№	Сабақтардың тақырыбы	Дәріс	Практ. сабақ	Тренинг	Шеберлік сабақтары	Дөңгелек үстел	Жобаны қорғау	Сынақ	Барлығы
<b>1</b>	<b>Модуль:</b> Қазақстан Республикасында зиятында бұзылыстары бар оқушылардың оқу үдерісін ұйымдастырудың әдіснамалық және нормативтік-құқықтық негіздері	<b>8</b>							<b>8</b>
1.1	ҚР арнайы педагогикасы мен білім беру жүйесін дамытудың заманауи үрдістері	4							4
1.2	ҚР зиятында бұзылыстары бар оқушыларға білім беру саласындағы қолданыстағы заңнаманы талдау	4							4
<b>2</b>	<b>Модуль:</b> Зиятында бұзылыстары бар оқушыларды оқытудың ұйымдастырушылық-мазмұндық негіздері	<b>8</b>							<b>8</b>
2.1	ҚР зиятында бұзылыстары бар балаларды мектепте оқытудың мақсаты, міндеттері. Арнайы жағдайлар жасау	4							4
2.2	Зиятында бұзылыстары бар оқушылардың білім мазмұнын талдау	4							4
<b>3</b>	<b>Модуль:</b> Оқушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау, білім алушыларға сараланған және дараланған тәсілдерді жобалау және жүзеге асыру	<b>12</b>	<b>4</b>			<b>2</b>			<b>18</b>
3.1	Оқушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау (педагогикалық диагностика)	4	4						8
3.2	Зиятында жеңіл түрдегі	4				2			6

	бұзылыстары бар оқушыларға арналған оқу үдерісін жобалау							
3.3	Сабақ және оны арнайы мектепте зерттеу	4						4
<b>4</b>	<b>Модуль:</b> Зиятында бұзылыстары бар оқушыларды оқытуда дәстүрлі классикалық және инновациялық технологияларды, әдістер мен тәсілдерді қолдану	<b>20</b>	<b>12</b>	<b>4</b>		<b>8</b>		<b>2</b> <b>46</b>
4.1	Әлеуметтік-педагогикалық тәсіл негізінде оқу процесін ұйымдастыру	8						8
4.2	Зиятында орташа түрдегі бұзылыстары бар оқушыларды оқыту және тәрбиелеу үшін пәндік даму ортасын құру	4		4				8
4.3	Зиятында орташа түрдегі бұзылыстары бар білім алушылар үшін жеке оқу бағдарламаларын құру. Жетістіктерді сипаттамалық бағалау	4	4			4		12
4.4	Оқушылардың жағымсыз мінез-құлқымен жұмыс істеу әдістері	4	4					8
4.5	Білім алушылардың ата-аналарымен жұмыс.		4			4		8
<b>Барлығы:</b>		<b>48</b>	<b>16</b>	<b>4</b>		<b>10</b>		<b>2</b> <b>80</b>

Ескерту: 1 академикалық сағат – 45 минут.

«Зиятында бұзылыстары бар оқушыларды оқытуда қолданылатын сараланған және дараланған тәсілдердің

**Аралас оқу режиміндегі курстың оқу-тақырыптық жоспары**

№	Сабақтардың тақырыбы	Қашықтан оқу 56 сағ.				Күндізгі оқу 24 сағ.				Барлығы
		Дәріс	Вебинар	Онлайн-форум	Өзіндік жұмыс	Практикалық сабақ	Дөңгелек үстел	Тренинг	Сынақ жұмысы	
<b>1</b>	<b>Модуль:</b> Қазақстан Республикасында зиятында бұзылыстары бар оқушылардың оқу үдерісін ұйымдастырудың әдіснамалық және нормативтік-құқықтық негіздері	<b>8</b>								<b>8</b>
1.1	ҚР арнайы педагогикасы мен білім беру жүйесін дамытудың заманауи үрдістері	4								4
1.2	ҚР зиятында бұзылыстары бар оқушыларға білім беру саласындағы қолданыстағы заңнаманы талдау	4								<b>4</b>
<b>2</b>	<b>Модуль:</b> Зиятында бұзылыстары бар оқушыларды оқытудың ұйымдастырушылық-мазмұндық негіздері	<b>8</b>								<b>8</b>
2.1	ҚР зиятында бұзылыстары бар балаларды мектепте оқытудың мақсаты, міндеттері. Арнайы жағдайлар жасау	4								4
2.2	Зиятында бұзылыстары бар оқушылардың білім мазмұнын талдау	4								4
<b>3</b>	<b>Модуль:</b> Оқушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау,	<b>16</b>				<b>4</b>		<b>2</b>		<b>22</b>

	білім алушыларға сараланған және дараланған тәсілдерді жобалау және жүзеге асыру								
3.1	Оқушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау (педагогикалық диагностика)	4			4				8
3.2	Зиятында жеңіл түрдегі бұзылыстары бар оқушыларға арналған оқу үдерісін жобалау	8					2		10
3.3	Сабақ және оны арнайы мектепте зерттеу	4							4
<b>4</b>	<b>Модуль:</b> Зиятында бұзылыстары бар оқушыларды оқытуда дәстүрлі классикалық және инновациялық технологияларды, әдістер мен тәсілдерді қолдану	<b>24</b>			<b>12</b>		<b>4</b>	<b>2</b>	<b>42</b>
4.1	Әлеуметтік -педагогикалық тәсіл негізінде оқу процесін ұйымдастыру	8							8
4.2	Зиятында орташа түрдегі бұзылыстары бар оқушыларды оқыту және тәрбиелеу үшін пәндік даму ортасын құру	4					4		8
4.3	Зиятында орташа түрдегі бұзылыстары бар білім алушылар үшін жеке оқу бағдарламаларын құру. Жетістіктерді сипаттамалық бағалау	8			4				12
4.4	Оқушылардың жағымсыз мінез-құлқымен жұмыс істеу әдістері	4			4				8
4.5.	Білім алушылардың ата - аналарымен жұмыс				4				4
	Сынақ жұмысы							2	2
<b>Барлығы:</b>		<b>56</b>			<b>16</b>		<b>6</b>	<b>2</b>	<b>80</b>

Ескерту: 1 академикалық сағат – 45 минут.